



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
М. Рысбеков

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 317-2024

Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

ШЫМКЕНТ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми Кеңес	Е 317-2024	
Ғылыми Кеңес туралы ереже	3-ші басылым 10 беттің 2 беті	

1. «ОҚМА» АҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСПЕН ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен КЕЛІСІЛДІ.

3 «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Ғылыми Кеңес		Е 317-2024 3-ші басылым 10 беттің 3 беті
Ғылыми Кеңес туралы ереже		

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ереже.....	4
2. Терминдер мен анықтамалар және қысқартулар.....	5
3. Ғылыми Кеңестің қалыптасу тәртібі.....	5
4. Ғылыми Кеңес қызметінің негізгі мақсаттары мен бағыттары.....	6
5. Ғылыми Кеңес жұмысының тәртібі.....	7
6. Ғылыми Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.....	8
7. Ғылыми Кеңес хатшысы.....	8
8. Қорытынды ережелер.....	9

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми Кеңес		Е 317-2024
Ғылыми Кеңес туралы ереже		3-ші басылым 10 беттің 4 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Ғылыми Кеңес өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ҚР денсаулық сақтау Министрлігінің және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік ұйымдастырушылық - өкімдік құжаттарына, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы (әрі қарай – «ОҚМА» АҚ) жарғысына, ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ осы Ғылыми Кеңесі ережесі туралы ережеге (бұдан әрі - Ереже) сәйкес жүзеге асырылады.

Осы келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

– Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілдеде бек., № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);

– Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қарашада бек., № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);

– Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қарашада бек., №414- V ҚРЗ;

– ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

– ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

– СТ 002-2024 Ішкі нормативтік құжаттарды басқару;

– СТ 003-2024 Ұйымдастыру құжаттарын басқару;

– СТ 011-2024 Персоналды басқару;

– СТ 012-2024 Қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

Осы Ереже тікелей қолданылатын құжат болып табылады және Ғылыми Кеңестің барлық қызметкерлері оны бекіткен күннен бастап орындауға міндетті.

Ғылыми кеңес білім беру, ғылыми және клиникалық қызметті үйлестіру жөніндегі алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.

Ғылыми кеңестің жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының заңнамасына, «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

1.2. «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесі «ОҚМА» АҚ жалпы басшылықты жүзеге асыратын сайланбалы уәкілетті орган болып табылады. Ғылыми Кеңес басқару жұмысының Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасына сәйкес жүргізілуіне қатысты мәселелерді өздігінше шешеді.

1.3. Ғылыми Кеңес «ОҚМА» АҚ СМЖ талаптарына сай бағытталған қызметін тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

1.4. Ғылыми Кеңес шешімдерін орындауға «ОҚМА» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелері міндетті.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми Кеңес	Е 317-2024	
Ғылыми Кеңес туралы ереже	3-ші басылым 10 беттің 5 беті	

Осы құжатта келесі терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

жоо – жоғарғы оқу орны,
 СМЖ – Сапа менеджмент жүйесі,
 ҚР–Қазақстан Республикасы,
 «ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ.

3. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТӘРТІБІ

3.1. Ғылыми Кеңес жоо басшысының бұйрығымен құрылады.

«ОҚМА» АҚ ректоры Ғылыми Кеңестің төрағасы болып табылады және ол өзінің орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады. Төраға Ғылыми Кеңестің жұмысын ұйымдастырып, оның ҚР тиісті заңнамасына және осы Ережелерге сай қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Ғылыми Кеңес құрамына қызметі бойынша ректор, ғылыми хатшы, проректорлар, декандар, кафедра меңгерушілері, жұмыс берушілер, докторант және студент кіреді. Ғылыми Кеңестің басқа мүшелері құпия түрде дауыс беру арқылы факультет Кеңестерінде сайланады. Ғылыми Кеңестің құрамы ректордың бұйрығымен жарияланады.

Ректордың бұйрығымен Ғылыми Кеңес хатшысы, Ғылыми Кеңестің техникалық хатшысы тағайындалады.

Ғылыми Кеңес өз жұмысын оқу жылына арнап бекітілген жоспар негізінде жүргізеді. Ғылыми Кеңес мәжілістері оқу жылындағы жоспарға сәйкес кемінде айына бір рет өткізіледі.

Ғылыми Кеңес мүшелерінің 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда ғана заңды күшке ие болады. Мәжіліске себепті жағдаймен қатыса алмаған жағдайда Кеңес мүшелерінің басым бөлігі дауыс берген жағдайда ғана Ғылыми Кеңес шешімдері қабылданған болып саналады.

3.2. «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен білім алушылардың Ғылыми Кеңестегі өкілеттілік нормалары Ғылыми Кеңеспен анықталады.

Құрылымдық бөлімшелер мен білім алушылардың өкілдері факультет кеңестерінде 50%-дан артық дауыс жинаған жағдайда Ғылыми Кеңес құрамына қабылданады. Шешім құпия түрде қабылданып, хаттамамен бекітіледі.

Ғылыми Кеңес мүшелері «ОҚМА» АҚ қызметінен босатылса (жұмыстан шығарылса), автоматты түрде Кеңес құрамынан да шығарылады.

Ғылыми Кеңестегі бос орындарға мүшелікке қабылдау үшін де сайлау жұмыстары жоғарыдағы тәртіппен факультет Кеңесінің ұсынысымен жүзеге асырылады.

Ғылыми Кеңестің күзіреттілік мерзімі – 3 жыл.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми Кеңес Ғылыми Кеңес туралы ереже	Е 317-2024 3-ші басылым 10 беттің 6 беті	

Белгілі бір тұлғаның мүшеліктен шығуы немесе кері шақырылуы жағдайында Кеңес құрамындағы өзгерістер де қажеттілігіне қарай осындай қағидалар бойынша жүзеге асырылады. Ғылыми Кеңес мүшелерінің жартысынан көбі талап еткен жағдайда ғана Кеңес құрамы мерзімінен бұрын қайта сайланады.

4. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Ғылыми Кеңес қызметінің негізгі мақсаты – кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында «ОҚМА» АҚ білім алушылары мен профессор-оқытушылар құрамы үшін қажетті жағдай жасау, жоо – ның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және материалдық – техникалық базасын нығайту болып табылады.

Ғылыми Кеңестің күзіреті келесідей:

- жоо құрылымын бекіту;
- жоо жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- жоо-ның оқу және ғылыми бөлімшелерін (зертханалар, кафедралар, факультеттер (институттар), т.б) құру, қайта құру және тарату;
- жоо дамыту тұжырымдамасын анықтау;
- оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және шаруашылық жұмыстарға қатысты барлық негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдау;
- ректордың, проректорлардың және құрылымдық бөлімше басшыларының оқу, тәрбие, ғылыми-зерттеу, қаржы, шаруашылық, ақпараттық және халықаралық қызметті жүргізу әдістері мен амалдары жөніндегі жыл сайынғы есептерін тыңдау;
- оқулықтарды, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік жұмыстарды қарастыру және экстернат түрінде оқыту жөнінде шешім қабылдау;
- білім алушыларды ақылы білім беру бөлімінен тегін білім грантына ауыстыру және экстернат түрінде оқыту жөнінде шешім қабылдау;
- магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы мен кеңесші-жетекшілерін, тәлімгерлерін бекіту;
- тәлімгер жетекшілердің, клиникалық тәлімгерлердің және резиденттердің жеке жоспарын бекіту;
- ғылыми және құрмет атақтарын, атаулы стипендиялар мен марапаттауларын бекіту және тағайындау;
- жоо қызметкерлерін, шығармашылық ұжымдарды үкіметтік марапаттаулар мен құрмет атақтарына ұсыну мәселелерін қарастыру;
- жоо ағымдық қызметіне қатысты, алқа болып шешуді қажет ететін басқа да мәселелерде қатысу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми Кеңес	Е 317-2024 3-ші басылым 10 беттің 7 беті	
Ғылыми Кеңес туралы ереже		

– Ғылыми Кеңес шешімдері хаттамамен рәсімделіп, оған Ғылыми Кеңес төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӘРТІБІ

Ғылыми Кеңестің алғашқы мәжілісінде кеңес төрағасы, сайланған мүшелер мен қызметі бойынша Ғылыми Кеңес құрамына енетін мүшелердің аты-жөнімен таныстырады. Алғашқы мәжілісте өзінің құзіреттілік мерзіміне арналған Ғылыми Кеңес туралы Ережесін қарастырады және қабылдайды.

Ғылыми Кеңес мүшелері оның мәжілістеріне қатысуға міндетті. Ғылыми Кеңестің белгілі бір мүшесі мәжілістердің жартысынан көбіне қатыспаған жағдайда төраға Кеңес құрамынан ол тұлға шығару және жаңадан сайлау өткізу жөнінде сұраныс беруге құқылы.

Кезекті мәжілістен 10 күн бұрын Ғылыми Кеңес хатшысы баяндамашыларға мәлімдемелерінің тақырыбын электрондық құжат айналым арқылы жібереді.

Ғылыми Кеңес хатшысы мәжілістен 3 күн бұрын Кеңес мүшелеріне мәжілістің мерзімі мен уақыты көрсетілген күн тәртібі жазылған хабарламаны электрондық құжат айналым арқылы жібереді.

Жалпы мәжіліс барысын Кеңес төрағасы немесе мәжіліске төрағалық жасайтын орынбасары осы Ережеге сай жүргізеді:

– реттілік сақтай отырып Ғылыми Кеңес мүшелері мен шақырылған баяндамашыларға сөз береді;

– жұмыс ағымына қарай Ғылыми Кеңес жұмысының тәртібінен тыс та сөз бере алады;

– Ғылыми Кеңес мүшелерінің және санақ комиссиясының ұсыныстарын дауысқа салады;

– ашық түрде дауыс беруді өткізіп, оның қорытындысын мәлімдейді;

– мәжіліс хаттамаларын жүргізуді бақылап, қол қояды.

Ғылыми Кеңес хатшысы барлық мәжілістердің хаттамаларын рәсімдеп, арнайы журналға тіркейді. Ғылыми Кеңесте қабылданған шешімдер мен ұсыныстар Ғылыми Кеңес мәжілісі хаттамасынан көшірме түрінде рәсімделеді.

6. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Кеңес мүшелерінің құқықғы мен міндеттері төмендегідей:

– Ғылыми Кеңеспен құрылған органдарға сайлануға және сайлауға;

– пікірталастарға қатысуға, мәжілісте талқыланатын мәселе бойынша өз ұсыныстары мен ескертулерін білдіруге;

– Кеңес жұмысының тәртібі бойынша ұсыныстар мен ескертулер жасауға;

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми Кеңес		Е 317-2024
Ғылыми Кеңес туралы ереже		3-ші басылым 10 беттің 8 беті

- Ғылыми Кеңестің барлық мәжілістеріне қатысуға;
- талқыға салынатын мәселелерді және Кеңес шешімдерінің жобасын әзірлеуге қатысуға;
- СМЖ жүйесін, талаптарын орындауға.

7. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ХАТШЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

7.1. Ғылыми Кеңес хатшысы Ғылыми Кеңестің іс құжаттарын жүргізуге жауапты.

7.2. Ғылыми Кеңес хатшысының міндетіне:

- Кеңес мүшелері мен шақырылған тұлғалардың мәжілістерге қатысуын ұйымдастыру және даярлау;
- мәжіліске үш күн қалғанда, кешіктірмей күн тәртібі көрсетілген хабарлама жіберу;
- Ғылыми Кеңес мәжілістерінің хаттамаларын жүргізу және төменде көсетілген үлгіде жасау:

<https://base.ukgfa.kz/wp-content/uploads/2024/05/%D2%AE-004-03-2024-%D0%A5%D0%B0%D1%82%D1%82%D0%B0%D0%BC%D0%B0.doc>

- Ғылыми атақтарды тағайындауға қатысты жеке іс құжаттарын дайындау және рәсімдеу.

7.3. Ғылыми Кеңес хатшысы құқылы:

- осы Ережеге сай барысын жетілдіруге қатысты ұсыныстарын Ғылыми Кеңес талқысына салуға;
- Ғылыми Кеңес қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға қатысуға;
- құрылымдық бөлімше басшыларынан Ғылыми Кеңес жұмысын ұйымдастыруға қажетті ақпарат сұрауға;
- «ОҚМА» АҚ кітапханасының қызметін, оқу және ғылыми бөлімшелердің ақпараттық қорларын ақысыз пайдалануға;
- «ОҚМА» АҚ басшылығынан өз қызметінің ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз етілуін, сонымен бірге өзінің лауазымдылық құқықтары мен міндеттерінің орындалуына жағдай жасалуын талап етуге.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Ғылыми Кеңес туралы Ереже, ондағы өзгертулер мен толықтырулар Ғылыми Кеңес мүшелерінің басым бөлігі қолдап дауыс берген жағдайда ғана қабылданады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми Кеңес		Е 317-2024
Ғылыми Кеңес туралы ереже		3-ші басылым 10 беттің 9 беті

8.2. Ғылыми Кеңес туралы Ереже, сондай-ақ ондағы өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешім егер Ғылыми Кеңес басқа шешім қабылдамаса, қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми Кеңес Ғылыми Кеңес туралы ереже	Е 317-2024 3-ші басылым 10 беттің 10 беті	

Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні
Ғылыми хатшы	Б.Т.Сейтханова

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.А.Ержанов

Келісілген:

Қызметі	Аты-жөні
Бірінші проректор	М.М.Есіркепов
Қаржы және шаруашылық жөніндегі проректор	Ж.С.Сейтжанова
Оқу әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректор	М.У.Анартаева